



Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 9 тамыздағы № 319 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 10 тамызда № 23928 болып тіркелді

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

### **Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қаранды**

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну қағидаларын, әсер етуге экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанын және оларды толтыру тәртібі осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Кейбір бүйрықтардың күші осы бүйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрінің м.а.

*A. Примкулов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Каржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрінің м.а.  
2021 жылғы 9 тамыздағы  
№ 319 бүйрыққа  
1-қосымша

**Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысандарын және оларды толтыру тәртібін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 106-бабының 7-тармағына, 112-бабының 2-тармағына (бұдан әрі – Кодекс), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және экологиялық рұқсаттар беру, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны беру тәртібін айқындайды, сондай-ақ әсер етуге арналған экологиялық рұқсат бланкілерінің нысанына және оларды толтыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар:

1) жеке кабинет – көрсетілетін қызметті алушының авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу үшін өтініш беруге арналған электрондық кабинеті;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3) ластаушы заттардың шығарындылары-шығарындылар көздерінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың тұсуі;

4) сарқынды суларды шығару – сарқынды суларды жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне ағызу құрылғысы мен орны;

5) қоршаған ортаға әсер ету туралы декларация – рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен өтініш беруші жасаған, қызметтің басталғаны туралы ақпарат беретін құжат;

6) қоршаған ортаның ластануы – атмосфералық ауда, жер үсті және жер асты суларында, топырақта немесе жер бетінде ластағыш заттардың, жылудың, шудың, дірілдің, электромагнит өрістерінің, радиацияның мемлекет белгілеген қоршаған орта сапасының экологиялық нормативтерінен асатын мөлшерде (концентрацияларда, деңгейлерде) болуы;

7) ластағыш заттар – қоршаған ортаға тұскен кезде өздерінің сапалық немесе сандық сипаттамаларына орай табиғи ортаның табиғи тепе-тендігін бұзатын, табиғи орта құрамдастарының сапасын нашарлататын, экологиялық залал не

адамның өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіруге қабілетті қатты, сұйық, газ тәрізді немесе бу тәрізді күйдегі кез келген заттар;

8) мұдделі мемлекеттік органдар – объектіні іске асыру кезінде өздерінің функцияларын қозғайтын мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар;

9) қозғалатын аумақ – өзінің шегінде қоршаған орта мен халық белгіленіп отырған қызметтің елеулі әсер етуіне ұшырауы мүмкін аумақ;

10) қалдықтарды көму лимиті – қалдықтардың I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін полигонда көмуге рұқсат етілген түрлері бойынша олардың шекті мөлшері (массасы);

11) қалдықтардың жинақталу лимиті – I және II санаттағы объектілердің құрамына кіретін әрбір нақты орын үшін тиісті жинақтау орнында жинауға рұқсат етілген қалдықтардың түрлері бойынша шекті саны (массасы);

12) маркерлік ластағыш заттар – өндірістің немесе технологиялық процестің нақты түрінің эмиссиялары үшін неғұрлым маңызды ластағыш заттар, олар осындай өндіріске немесе технологиялық процеске тән ластағыш заттар тобынан таңдал алынады және олардың көмегімен топқа кіретін барлық ластағыш зат эмиссиясының мәнін бағалауға болады;

13) ең үздік қолжетімді техникалар (ЕҮҚТ) – қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерінің неғұрлым тиімді және үздік даму сатысы, бұл олардың қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсер етуді болғызыбауға немесе, егер бұл іс жүзінде жүзеге асырылмаса, барынша азайтуға бағытталған технологиялық нормативтер мен өзге де экологиялық шарттарды белгілеуге негіз болу үшін практикалық жарамдылығын куәландырады;

14) рұқсат етілетін шығарындылар нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың не ластағыш заттар қоспасының атмосфералық ауаға шығару үшін рұқсат етілетін (рұқсат етілген) ең жоғары массасы ретінде айқындалатын экологиялық норматив;

15) жол берілетін төгінді нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және ластағыш заттың мөлшері (массасы) не сарқынды сулардағы ластағыш заттар қоспасы ретінде айқындалатын, уақыт бірлігіне ағызуға жол берілетін (рұқсат етілген) ең жоғары экологиялық норматив;

16) жол берілетін физикалық әсер ету нормативі – жылудың, шудың, дірілдің, иондауши сәулеленудің, электромагниттік өрістердің кернеулігінің және табиғи ортаның компоненттеріне өзге де физикалық әсер етудің жол берілетін деңгейлері түрінде әрбір көз үшін белгіленетін, мұндай көзден болатын теріс физикалық әсер барлық басқа көздермен жиынтықта табиғи ортаға физикалық әсер етудің

белгіленген жол берілетін шекті деңгейлерінен асып кетуге әкеп соқпайтын экологиялық норматив;

17) эмиссиялар нормативтері – экологиялық рұқсатта белгіленетін эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерінің жиынтығы;

18) I және II санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 1-бөлімінде (I санаттағы объектілер үшін) немесе 2-бөлімінде (II санаттағы объектілер үшін) көрсетілген қызметтің бір немесе бірнеше түрі шегінде жүзеге асырылатын стационарлық технологиялық объект (кәсіпорын, өндіріс), сондай-ақ объект орналастырылатын өнеркәсіптік алаң шегінде жүзеге асырылатын және эмиссиялардың көлеміне, санына және (немесе) қарқындылығына және осындағы объектінің қоршаған ортаға теріс әсерінің өзге де нысандарына елеулі әсер етуі мүмкін онымен технологиялық тікелей байланысты кез келген өзге де қызмет түрлері;

19) III санаттағы объект – Кодекске 2-қосымшаның 3-бөлімінде көрсетілген қызмет түрлері шегінде жүзеге асырылатын құрылым объектісі (ғимарат, құрылыштар немесе олардың кешені) немесе алаң;

20) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары – эмиссиялардың белгіленген нормативтерінің, қалдықтардың жинақталуы мен оларды көму лимиттерінің, күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру лимиттерінің (көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде) сақталуын қамтамасыз етуге қажетті, қоршаған ортаға теріс әсер етуі тәмendetуге бағытталған іс-шаралар тізбесін қамтитын әсер етуге арналған экологиялық рұқсатқа қосымша;

21) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасы – технологиялық нормативтерге, эмиссиялар нормативтеріне қол жеткізуге бағытталған I санаттағы объектінің реконструкциялау, қайта жарактандыру, жаңғырту жөніндегі жоспарланатын іс-шаралар кестесін көздейтін кешенді экологиялық рұқсатқа қосымша;

22) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы – қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейінің, зиянды өндірістік факторлардың өлшемдері және (немесе) есеп-қисаптары, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды тұтынудың іс жүзіндегі көлемі негізінде өндірістік процестің тиімділігін экологиялық бағалауды қамтамасыз ету бойынша I немесе II санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсатқа қосымша;

23) ластаушы заттардың ағызылуы – сарқынды сулардағы ластаушы заттардың жер үсті және жер асты су объектілеріне, жер қойнауына немесе жер бетіне түсүі;

24) технологиялық нормативтер – кешенді экологиялық рұқсатта:

эмиссиялар көлемінің бірлігіндегі маркерлік ластағыш заттардың шекті саны (массасы);

уақыт бірлігіне немесе өндірілетін өнімнің (тауардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігіне есептелетін электр және (немесе) жылу энергиясының, өзге ресурстардың тұтынылу мөлшері түрінде белгіленетін экологиялық нормативтер;

25) экологиялық шарттар – Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, осындағы қызметке қолданылатын экологиялық талаптардың, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыларда қамтылған тұжырымдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында I және II санаттағы объектілерді салуға және пайдалануға қойылатын жеке-дара талаптар;

26) экологиялық рұқсат – жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың қоршаған ортаға теріс әсерді жүзеге асыру құқығын куәланыратын және қызметті жүзеге асырудың экологиялық шарттарын айқындайтын құжат;

27) кешенді экологиялық рұқсат – ең үздік қолжетімді техникаларды қолдана отырып, қоршаған ортаның ластануын кешенді түрде болғызыбауды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға жағымсыз антропогендік әсерді барынша азайтуға және бақылауға бағытталған құжат;

28) әсер етуге арналған экологиялық рұқсат – II санаттағы объектілер мен 2021 жылғы 1 шілдеге дейін пайдалануға берілген I санаттағы объектілер үшін экологиялық рұқсат;

29) эмиссиялар – антропогендік объектілерден босатылатын ластаушы заттардың атмосфералық ауаға, суға, жерге немесе оның астына түсүі.

## **2-тарау. Экологиялық рұқсаттар беру тәртібі**

### **1-параграф. Кешенді экологиялық рұқсат беру тәртібі**

3. "Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

4. "Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб – порталы арқылы жүргінеді [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Кешенді экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы

Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүзеге асырылады.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түсken күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәланыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаган ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттар ұсынылған жағдайда, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Кешенді экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты нысанында жазылған.

6. Кодектің 115-бабының 2-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші кешенді экологиялық рұқсат (бұдан әрі – КЭР) алуға арналған өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны толық және жиынтықты болуы түрғысынан тексереді. Өтініш көрсетілген мерзім ішінде қарауға қабылданады не құжаттар топтамасы және (немесе) мәліметтер толық ұсынылмаған жағдайда мұндай өтініштің қайтарылу себептері көрсетіле отырып, қабылданбайды.

Кешенді экологиялық рұқсат алуға арналған өтініште барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар болған кезде қоршаган ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган осы Кодектің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес I санаттағы объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді және осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қарауға

қабылданған өтінішті оған қоса берілетін құжаттармен бірге өзінің құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ кешенді экологиялық рұқсатқа енгізілуге жататын міндettі экологиялық шарттарға қатысты өз құзыреттері шеңберінде ескертулері мен ұсыныстарын алу үшін мынадай мүдделі мемлекеттік органдарға:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға;

2) объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органға;

3) құзыретіне объектінің салу мен пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қажетті рұқсаттарды беру кіретін өзге де уәкілетті мемлекеттік органдарға;

4) аумағында объект орналасқан немесе орналасатын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органына жібереді.

Егер объект екі немесе одан да көп облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтары шегінде орналасқан немесе орналасатын болса, қоса берілген құжаттары бар өтініш әрбір тиісті жергілікті атқарушы органға жіберілуге жатады;

5) егер мұндай қызметке рұқсат беру туралы шешімдер қабылдау бойынша трансшекаралық рәсімдер жүргізу қажеттігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе немесе қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыда белгіленсе, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жәрдемімен – объектінің салу және (немесе) пайдалану қоршаған ортасының жай-күйіне елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін мемлекетке жібереді.

7. Қоршаған органды қорғау саласындағы уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері және өзге де мүдделі мемлекеттік органдар өз құзыреттері шеңберінде (атмосфералық ауаны, су ресурстарын қорғау, қалдықтарды басқару, шу деңгейін және басқа да физикалық әсерді бақылау) КЭР алуға арналған өтінішті қарайды және өздерінің құзыреттері шеңберінде КЭР-ге енгізілуге жататын қажетті экологиялық жағдайларға қатысты осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде сараптамалық қорытындылар береді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде КЭР беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш қарауға қабылданғаннан кейін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде өтініш берушіге ескертулер жібереді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодекстің 87-бабы 1-тармағы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шеңберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

8. Өтініш беруші жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды. Ескертулер көрсетілген мерзімде жойылмаған жағдайда өтініш берушіге осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кешенді экологиялық рұқсат беруден дәлелді бас тарту беріледі.

9. Өтініш беруші барлық ескертулерді жойғаннан кейін көрсетілетін қызметті беруші алынған ескертпелер мен ұсыныстарды, сондай-ақ өтініш берушінің ұстанымын ескере отырып, ішкі және (немесе) сыртқы сарапшыларды тарта отырып, КЭР жобасын дайындайды және мұндай жобаны өтініш берушіге жібереді. Өтініш беруші бес жұмыс күні ішінде КЭР ұсынған жоба бойынша өз ұстанымын ұсынады.

10. Объект жататын тиісті салада реттеуді жүзеге асыратын үәкілетті орган және аумағында объект орналасқан немесе орналасатын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органды КЭР үшін ұсынылған экологиялық жағдайларға және өтініш пен оның қосымшаларының басқа бөліктеріне қатысты өз қорытындылары мен ескертулерін ұсынады.

11. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы үәкілетті орган осы Қағидалардың 8-тармағында айқындалған мерзім өткеннен кейін алған мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындылары өтініш берушіге жіберілуге және өтініш бойынша шешім қабылдау кезінде есепке алынуға жатпайды.

12. КЭР-ді алуға арналған өтінішті қарау кезінде көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 93-бабына сәйкес сыртқы сарапшыларды тарта отырып, алынған ескертулерді және мүдделі мемлекеттік органдардың қорытындыларын, сондай-ақ өтініш берушінің ұсыныстарын ескереді және осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Кодекстің 112-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беру туралы шешім қабылдау себептерінің негіздемесін жасайды.

13. Көрсетілетін қызметті беруші Кодекстің 115-бабы 6-тармағының бесінші бөлігіне сәйкес өтініш берушінің жауабын немесе келіспеушіліктерді қарау нәтижелерін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде КЭР беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. КЭР жобасына енгізілген шарттар бойынша туындайтын келіспеушіліктерді Кодекстің 74-бабында көзделген тәртіппен сараптамалық комиссия шешіледі.

15. Кодекстің 117-бабына сәйкес кешенді экологиялық рұқсат беруден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

16. Көрсетілетін қызметті беруші КЭР-ді беру туралы шешім қабылдағаннан кейін осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген мерзім ішінде осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге беру үшін КЭР-ді ресімдейді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

17. КЭР-ді қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта ресімдеуге өтініш береді.

18. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі порталда өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге келіп түскен күні КЭР қайта ресімдеуге өтнішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мэртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, рұқсаттар, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы мәліметтерді КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

19. КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген тиісті құжат ұсынылмаған немесе қолданылу мерзімі өткен құжат ұсынылған

жағдайда, бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Кодекстің 118-бабының талаптарына сәйкес келетін құжаттар ұзынылған жағдайда, КЭР беру жөніндегі көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін КЭР-ді қайта ресімдейді.

20. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғаның ЭЦК-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

21. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

22. Кодекстің 118-бабының 1-тармағына сәйкес КЭР мынадай жағдайларда ішінара немесе толық қайта қаралуға жатады:

1) оператордың Кодекстің 65-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізуді талап ететін, көзделіп отырған немесе жүзеге асырылатын қызметке елеулі өзгерістер енгізуі;

2) оларға қатысты осындай кешенді экологиялық рұқсат берілген объект сәйкес келмейтін талаптарды белгілейтін, оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа анықтамалықты қабылдауға байланысты ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыны бекіту;

3) экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасына өзгерістер енгізу.

23. КЭР-ді қайта қарау кезінде өтініш беруші портал арқылы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарауға өтініш береді.

24. Оператор осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген жағдайларда КЭР-ді қайта қарауға өтінішті:

1) оператор жүзеге асыратын қызметке елеулі өзгерістерді іске асыруды бастайтын болжамды күнге дейін алты ай бұрын;

2) осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасына сәйкес оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытынды бекітілген күннен бастап үш ай ішінде кешіктірмей береді.

25. Оператор белгіленіп отырған немесе жүзеге асырылатын, қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізуді талап ететін қызметке елеулі өзгерістер енгізгу кезінде, қондырғы операторы қоршаған ортаға оң немесе теріс әсер туғызатын

объектідегі өзгерістерді жоспарлау кезінде болжанған өзгерістерді олардың Кодекстің 118-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкестігі тұрғысынан бағалайды. Осылан байланысты, өзгеріс сипатын Кодекстің 65-бабының 2-тармағында көзделген өлшемшарттар бойынша бағалап, жоспарланған өзгерістердің қоршаған ортаға оң немесе теріс әсерін туғызатын КЭР экологиялық жағдайларына әсер ету тұрғысынан белгіленіп отырған қызметтің әсеріне тиісті бағалау немесе скрининг жүргізу қажет.

26. Ұсынылып отырған өзгерістер қоршаған ортаға теріс әсер ете отырып, КЭР-дің экологиялық шарттарына әсер еткен жағдайда, оператор осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша КЭР-ді қайта қарауға өтініш қалыптастырады.

27. КЭР-ге қосымшаларға енгізілетін өзгерістер экологиялық жағдайларға ықтимал әсер етуге қатысты бағалауға жатады.

28. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган КЭР шарттарын сақтауға әсер етпейтін жоспарланған өзгерістердің сипаттамасын алған жағдайда, ол алынған ақпаратты бес жұмыс күні ішінде бағалайды.

Алынған мәліметтер жеткілікті болған және КЭР шарттарын өзгерту қажет болмаған жағдайда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Кодекстің 118-бабының 5-тармағына сәйкес КЭР-ді қайта ресімдейді.

Объектіде жоспарланған өзгеріс КЭР шарттарын қайта қарауды талап еткен жағдайда, операторға жауаппен бірге КЭР-ді қайта қарауға өтініш беруге сұрау салу жіберіледі.

29. Қондырғы операторы КЭР-да айқындалған шарттармен ЕҮҚТ бойынша жаңа қорытындыда белгіленген өзгерістерді бағалайды және қайта қарау немесе жаңа кешенді экологиялық рұқсат алу қажеттілігін айқындайды.

30. Қолданыстағы КЭР-дің әмиссиялар нормативтері мен технологиялық нормативтері оларды қолданудың тиісті салалары бойынша ең үздік қолжетімді техникалар бойынша жаңа қорытындыда белгіленген ЕҮҚТ қолданумен байланысты технологиялық көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда, қондырғы операторы КЭР-ді қайта қарауға өтініш дайындайды.

31. Объект операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жоспарланатын іс-шаралар кестесінің бөлігінде, егер бұл әмиссиялар нормативтеріне, технологиялық нормативтерге қол жеткізуіндегі белгіленген мерзімдеріне әсер етпесе, Кодекстің 119-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда қоршаған ортаға теріс әсерді кезең-кезеңімен төмендету көрсеткіштеріне қол жеткізу мерзімдеріне КЭР-ді қайта қарауға туралы өтініш береді.

32. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрган әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 3-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Шағым портал арқылы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

1) шағымды қарайтын органның атауы;

2) шағым беру кезінде:

жеке тұлға-оның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын күжатта көрсетілсе), жеке сәйкестендіру нөмірі, нақты тұратын мекенжайы, пошталық мекенжайы;

занды тұлға-оның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, пошталық мекенжайы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің атауы;

4) көрсетілетін қызметті алушы өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

5) Шағым берілген күн;

6) көрсетілетін қызметті алушының қолы;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі;

Шағым түскен күні тіркеледі. Жұмыстан тыс күні түскен кезде одан кейінгі жақын жұмыс күні тіркеледі. Шағымның қабылданған күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетіле отырып, бірегей нөмірі бар талон бере отырып, оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту).

Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес

көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа жүргінеді.

#### **2-параграф. I санаттағы объектілерге үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі**

33. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

34. "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб – порталы арқылы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес "I санаттағы объектілерге әсер етуге арналған экологиялық рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жүзеге асырылады.

35. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың

толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

36. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша өтініш берушігे өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Өтініш беруші жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама Кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шенберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

37. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзактығы өтініш тіркелген күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен аспайды.

38. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

39. Ескертулер осы Қағидалардың 36-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

40. I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеу I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат берілген объект операторының атавы өзгерген, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

I санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса берумен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша I санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

41. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәланыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен және эмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

42. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

43. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

44. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

45. Берілген I санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттың көшірмесі экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

46. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 8-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Шағым портал арқылы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

1) шағымды қарайтын органның атауы;

2) шағым беру кезінде:

жеке тұлға-оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, нақты тұратын мекенжайы, пошталық мекенжайы;

занды тұлға-оның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, пошталық мекенжайы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің атауы;

4) көрсетілетін қызметті алушы өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

5) Шағым берілген күн;

6) көрсетілетін қызметті алушының қолы;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі;

Шағым түскен күні тіркеледі. Жұмыстан тыс күні түскен кезде одан кейінгі жақын жұмыс күні тіркеледі. Шағымның қабылданған күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетіле отырып, бірегей нөмірі бар талон бере отырып, оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркеу шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту).

Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлыштың қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа жүгінеді.

**3-параграф. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру тәртібі**

47. "II санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб – порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "II санаттағы объектілер үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) беру арқылы жолдайды.

48. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі өтінішті қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күні порталда тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, қоршаган ортаға әсерді бағалау материалдарымен және әмиссиялар нормативтерімен бірге көзделіп отырған қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптаманың рұқсаттары, қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіrkеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар ұсынылған жағдайда, қабылдамаудың себептерін дәлелді негіздей отырып, осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында қараудан бас тарту жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

49. Барлық талап етілетін мәліметтер мен қоса берілетін құжаттар объектілері үшін әсер етуге рұқсат алуға өтініште болған кезде көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша Кодекстің 88-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес объектілерді салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезеңінде II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беруге өтінішке және (немесе) оған қоса берілетін құжаттарға ескертулер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге өтінішті қарауға қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ескертулер жібереді.

Өтініш беруші жіберілген ескертулерді ескертулер жіберілген күннен бастап бес күні ішінде жояды.

Мемлекеттік экологиялық сараптама кодекстің 87-бабы 9) тармақшасының екінші бөлігіне сәйкес экологиялық рұқсаттар беру рәсімі шенберінде жүргізіледі және мемлекеттік экологиялық сараптаманың жеке қорытындысы берілмейді.

50. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау мерзімдері мен ұзақтығы өтініш тіркелген күннен бастап отыз (отыз) жұмыс күнінен аспайды.

51. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат алуға өтінішті қарау нәтижесі осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру немесе осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

52. Ескертулер осы Қағидалардың 49-тармағында айқындалған мерзімдерде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ

қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды жібереді.

53. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

54. II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат берілген объект операторының атауы өзгерген, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген жағдайларда жүзеге асырылады.

II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсатты қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса берумен осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша II санаттағы әсер етуге экологиялық рұқсатты қайта ресімдеуге өтініш береді.

55. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі порталда қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті түскен күні тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жібереді.

Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы, занды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, Рұқсаттар, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің II санаттағы объектілер үшін әсер етуге рұқсат беру жөніндегі орындаушысы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

56. Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Кодекстің 108-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

57. Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында сақталады.

58. Көрсетілетін қызметті беруші деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Заңының 5-бабы 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

59. II санаттағы объектілер үшін берілген әсер етуге экологиялық рұқсаттың көшірмесі экологиялық рұқсаттар беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың интернет-ресурсында орналастырылады.

60. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым көрсетілетін қызметті алушыға әкімшілік актіні қабылдағаны немесе әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасағаны туралы белгілі болған күннен бастап 3 (үш) айдан кешіктірілмей:

шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік органға және (немесе) лауазымды адамға);

осы Қағидалардың 11-қосымшасының 7-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшылығының атына беріледі.

Шағым портал арқылы жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда:

1) шағымды қарайтын органның атауы;

2) шағым беру кезінде:

жеке тұлға-оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі, нақты тұратын мекенжайы, пошталық мекенжайы;

занды тұлға-оның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, пошталық мекенжайы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің атауы;

4) көрсетілетін қызметті алушы өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар;

5) Шағым берілген күн;

6) көрсетілетін қызметті алушының қолы;

7) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі;

Шағым түскен күні тіркеледі. Жұмыстан тыс күні түскен кезде одан кейінгі жақын жұмыс күні тіркеледі. Шағымның қабылданған күні мен уақыты, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетіле отырып, бірегей нөмірі бар талон бере отырып, оны көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау туралы жауап немесе қараудан бас тарту).

Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға ол келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді. Көрсетілетін қызметті беруші қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Шағымды қарайтын органның шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

Шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағына сәйкес шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа жүгінеді.

#### **4-параграф. Қоршаған ортаға әсер ету туралы декларацияны ұсыну тәртібі**

61. Қоршаған ортаға әсер ету туралы Декларация (бұдан әрі – Декларация) тиісті жергілікті атқарушы органға жазбаша немесе электрондық түрде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес хабарламалар нысандарына және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларына, сондай-ақ рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган бекіткен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы сәйкес беріледі.

62. Кодектің 110-бабының 4-тармағына сәйкес Декларация:

1) белгіленіп отырған қызмет басталар алдында;

